

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілеріне ақшалай ризық, жәрдемақы мен басқа да төлем төлеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 2 маусымдағы № 255 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 5 шілдеде № 15313 болып тіркелді.

**Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 44-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашкы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілеріне ақшалай ризықты, жәрдемақылар мен басқа да төлемдерді төлеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Экономика және қаржы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелген күннен бастап құнтізбелік он күн ішінде қағаз және электрондық түрде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) бұйрықты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - КР Қорғаныс министрінің 14.04.2022 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**4. Бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.**

**5. Бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.**

*Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрі  
генерал-полковник*

*C. Жасұзаков*

*Қазақстан Республикасы  
Қорғаныс министрінің  
2017 жылғы 2 маусымдағы  
№ 255 бұйрығымен  
бекітілген*

**Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілеріне ақшалай ризық, жәрдемақы мен басқа да төлем төлеу қағидалары**

**Ескерту. Атауы жаңа редакцияда - КР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілеріне ақшалай ризықты, жәрдемақылар мен басқа да төлемдерді төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілерін ақшалай ризықпен, жәрдемақылармен және басқа да төлемдермен қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

**1-1. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұфымдар:**

1) ақшалай жабдықталым – атқаратын әскери лауазымына сәйкес әскери қызметшінің лауазымдық айлықақысы (әскери лауазымы бойынша айлықақы) және берілген әскери атақта сәйкес айлықақы (әскери атағы бойынша айлықақы);

2) ақшалай үлес – әскери қызметшілерді материалдық қамтамасыз етудің негізгі құралы болып табылатын, ай сайын төленетін үлес түрі. Ақшалай үлес ақшалай жабдықталымнан, қызметтің ерекше жағдайы үшін үстемеақыдан және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да үстемеақы мен қосымша төлемнен тұрады;

3) үстемеақы – қызметтің ерекше жағдайы үшін лауазымдық немесе базалық лауазымдық айлықақыдан пайыздық қатынаспен не белгіленген мөлшерде есептелетін ай сайынғы төлем;

4) сауықтыру жәрдемақысы – әскери қызметшіге физикалық және психикалық көңіл-күйін жақсартуға бағытталған, жыл сайынғы еңбек демалысына кеткен кезде төленетін жыл сайынғы төлем;

5) жұмыстан шығу жәрдемақысы – әскери қызметте болудың шекті жасына толғаннан кейін, денсаулық жағдайы бойынша не әскери бөлім (мекеме) штатының қысқаруына байланысты әскери қызметтен шығарылған кезде төленетін төлем;

6) көтерме жәрдемақы – әскери қызметші мен оның отбасы мүшелеріне (бар болса) жаңа қызмет орнында әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасауға және жайластыруға бағытталған біржолғы сипаттағы ақшалай өтемақы.

**Ескерту. 1-1-тармақпен толықтырылды – КР Қорғаныс министрінің 05.05.2025 № 527 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Лауазымдық айлықақының мөлшерін айқындау үшін қызмет өтілі күнтізбелік есептеуде ескеріледі.

Толық бір ай қызмет өткермеген әскери қызметшіге тиесілі ақшалай ризықтың мөлшері осы айда қызмет өткерген күнтізбелік күннің нақты санын негізге алып, пропорционалды түрде айқындалады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 5-тармағының 6), 8) және 9) тармақшаларында көзделген жағдайда әскери қызметші әскери қызметте дәлелсіз себеппен болмаған, әскери емес лауазымда әскери қызмет өткерген жағдайда оған, қамауда болған уақытта сottalған әскери қызметшіге ақшалай ризық командирдің бұйрығы негізінде әскери қызмет міндеттерін нақты орындау күніне пропорционалды түрде төленеді. Бұйрықта әскери қызметте нақты болмаған күн көрсетіледі. Ақшалай ризықты пропорционалды есептеу үшін айдағы күнтізбелік күн қолданылады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - КР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Әскери қызметшіге ағымдағы айға ақшалай ризықты төлеу ағымдағы айдың 25-і күні жүргізіледі.

Ақшалай ризық төленетін күн демалыс немесе мереке күндеріне тура келген кезде төлем олардың қарсаңында жүргізіледі.

Ақшалай ризықты төлеу кезінде әскери қызметші тиісті кезең үшін оған тиесілі ақшалай ризықтың құрамдас бөліктері, жүргізілген ұстап қалулардың мөлшерлері мен негіздері туралы, сондай-ақ төленуге тиіс жалпы ақша сомасы туралы жазбаша немесе электрондық нысанда ай сайын хабардар етіледі.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 26.09.2018 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Әскери қызметшіге белгіленген мерзімдерден бұрын ақшалай ризық төлеуге оның баянатының негізінде мынадай жағдайларда жол беріледі:

1) демалысқа (жүктілікке және бала тууына және бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалысты қоспағанда), оқуға, қызметтік іссапарға кеткенде – ағымдағы ай үшін;

2) жаңа қызмет орнына қоныс аударғанда – ағымдағы ай үшін.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 14.04.2022 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Әскери қызметшіге тиесілі және оған уақтылы төленбеген немесе мөлшерден аз төленген ақшалай ризық әскери қызметшінің талап мерзімінің өтуі шегінде оған құқығы болған барлық кезең үшін төленеді.

6-1. Әскери бөлімде (мекемеде) келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілердің (бұдан әрі – келісімшарт бойынша әскери қызметшілер) лауазымдық айлықақысының мөлшерін айқындау үшін лауазымдық айлықақыны белгілеуге құқық беретін қызмет өтілін есептеу жөніндегі комиссия құрылады. Әскери бөлім (мекеме) комиссиясының құрамына қаржы, зан, персоналмен жұмыс бөлімшелерінің лауазымды адамдары (болмаған жағдайда – жеке құрамды есепке алу жөніндегі міндеттер жүктелген адамдар) енгізіледі.

**Ескерту. 1-тaraу 6-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 04.05.2018 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 05.05.2025 № 527 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

**7. Алып тасталды - ҚР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7-1. Мемлекеттік органдарға, ұйымдарға және халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберілген әскери қызметшілерге ақшалай ризық, жәрдемақылар мен басқа да төлемдерді төлеу Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлерімен әскери құралымдарында әскери қызмет өткериу қағидаларының 74-тармағына сәйкес жүргізіледі.

**Ескерту. 1-тaraу 7-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 26.09.2018 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7-2. Резервтегі әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерге (бұдан әрі – резервтегі әскери адам) ақшалай төлем "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 44-бабының 1-1-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Ақшалай төлемді резервтегі әскери адам резервте қызмет өткеру үшін әскери бөлім командирінің (мекеме басшысының) бұйрығы негізінде кірген әскери бөлім (мекеме) келісімшарт бойынша әскери қызметшілерге ақшалай үлес төлеумен бір мезгілде жүзеге асырады.

**Ескерту. 7-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 05.05.2025 № 527 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7-3. Әскери қызметші бітімгершілік операцияға қатысқан кезеңде оған ақшалай жабдықталым "Бітімгершілік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 16-бабының 1-тармағына сәйкес төленеді.

Ақшалай жабдықталымды әскери қызметші бітімгершілік операцияға қатысу үшін кеткен әскери бөлім (мекеме) әскери бөлім командирінің (мекеме басшысының) бұйрығы негізінде төлейді.

**Ескерту. 7-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 05.05.2025 № 527 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7-4. Әскери қызметшілерге (мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді, әскери оқу орындарының курсанттары мен кадеттерін, әскери жиындарға шақырылған әскери міндеттілерді, резервте әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді қоспағанда) "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 44-бабының 9-тармағына сәйкес далалық төлемдер жүзеге асырылады.

Далалық төлемдерді әскери бөлім командирінің (мекеме бастығының) бұйрығы негізінде ағымдағы ай үшін ақшалай үлесті төлеумен бір уақытта өткен ай үшін әскери қызметші қызмет өткеретін әскери бөлім (мекеме) төлейді.

Далалық төлемдер:

1) егер ол туралы әскери бөлім командирінің (мекеме бастығының) бұйрығында көрсетілген қызметтік міндетті орындау тұрақты орналасу пунктінен немесе тұрғылықты жерінен тыс жерде үздіксіз болуды талап етпесе, тұрақты орналасу пунктіне немесе тұрғылықты жеріне құн сайын қайтып оралуға мүмкіндігі бар;

2) жауынгерлік даярлық бойынша міндеттерді пысықтау үшін әскери бөлім командирінің (мекеме бастығының) бұйрығынсыз бір тәуліктен артық мерзімге оқу-жаттығу орталықтарына, полигондарға, қосалқы әуеайлақтарға шығарылған әскери бөлімдер мен бөлімшелер;

3) арнайы далалық жұмыстар уақыты үшін;

4) әскери бөлім командирінің (мекеме бастығының) бұйрығына далалық шығуға оны өткізу кезеңінде тартылатын бөлімше құрамына енгізілмеген әскери бөлімнің (

кәсіптік білім беретін әскери білім беру мекемесінің) тұрақты орналасу пунктінен тыс орналасқан оқу-жаттығу орталықтарында, кәсіптік білім беретін әскери оқу орындарының оқу әскери бөлімдерінде, лагерьлерде, полигондарда, қосалқы әуеайлақтарда штаттық әскери лауазымдарды атқаратын әскери қызметшілерге төленбейді.

**Ескерту. 7-4-тармақпен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 19.08.2025 № 1100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.07.2025 бастап туындаған қатынастарға қолданылады) бүйрығымен.**

7-5. Әскери қызметте болудың шекті жасына толғаннан кейін, денсаулық жағдайы бойынша немесе штаттарды қысқартуға байланысты әскери қызметтен шығарылған, әскери қызметінің жалпы ұзақтығы жиырма бес және одан көп жыл болатын азаматтардың, сондай-ақ әскери қызметтің жалпы ұзақтығына қарамастан, жауынгерлік іс-қимылдарға және терроризмге қарсы операцияларға қатысушылардың мәйітін тасымалдауға дайындаумен, мәйітін тасымалдаумен, жерлеумен, құлпытасын жасаумен және орнатумен байланысты шығыстар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерлерде жүзеге асырылады.

Әскери қызметтен шығарылған азаматтардың мәйітін тасымалдауға дайындаумен, мәйітті тасымалдаумен, жерлеумен, құлпытасын жасаумен және орнатумен байланысты шығыстарды төлеуді қайтыс болған адамның қайтыс болуы туралы куәлік берілген орын бойынша қорғаныс істері жөніндегі департаменттер жүргізеді.

**Ескерту. 7-5-тармақпен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 19.08.2025 № 1100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.07.2025 бастап туындаған қатынастарға қолданылады) бүйрығымен.**

## **2-тарау. Әскери қызметшіге ақшалай ризық төлеу**

**1-параграф. Курсанттан, кадеттен және мерзімді қызмет әскери қызметшісінен басқа, әскери қызметшінің әскери атағы бойынша айлықақы**

8. Әскери қызметшіге әскери атағы бойынша айлықақы әскери атақ беру туралы бүйрыққа қол қойылған күннен бастап төленеді.

9. Әскери қызметке алғаш рет шақырылған әскери қызметшіге әскери атағы бойынша айлықақы жергілікті әскери басқару органынан әскери қызмет өткеру орнына кету туралы бүйрық шығарылған күннен бастап төленеді.

10. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кірген әскери қызметшіге әскери атағы бойынша айлықақы әскери бөлім (мекеме) жеке құрамының тізіміне қабылдау туралы бүйрық шығарылған күннен бастап төленеді.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - КР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-параграф. Офицерлер құрамы әскери қызметшісінің лауазымдық айлықақысы**

11. Қызмет өтілінің көбеюіне байланысты лауазымдық айлықақыны арттыру кезінде лауазымдық айлықақыны есептеу пропорционалды түрде лауазымдық айлықақының арттырылған күнінен бастап жүргізіледі.

12. Әскери оқу орнын бітірген офицерге офицерлік атақ берілген күннен бастап істер мен лауазымды қабылдаған күнге дейін взвод командирінің лауазымы бойынша лауазымдық айлықақы төленеді.

13. Әскери қызметке алғаш рет шақырылған офицерге жергілікті әскери басқару органынан әскери қызмет өткеру орнына кеткен күннен бастап істер мен лауазымды қабылдаған күнге дейін лауазымдық айлықақысы взвод командирінің лауазымы бойынша төленеді.

14. Келісімшарт бойынша әскери қызметке кірген офицерге әскери бөлім (мекеме) жеке құрамының тізіміне қабылдау туралы бұйрық шығарылған күннен бастап іс пен лауазымды қабылдағанға дейін лауазымдық айлыққы взвод командирінің лауазымы бойынша төленеді.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - КР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Офицерді лауазымға тағайындау кезінде, оның ішінде әскери оқу орнын бітіргеннен кейін және запастан әскери қызметке айқындағаннан кейін атқаратын лауазымы бойынша лауазымдық айлықақы істер мен лауазымды қабылдау туралы бұйрық шыққан күннен бастап төленеді.

## **3-параграф. Курсанттан, кадеттен басқа, сарбаз (матрос) және сержант (старшина) лауазымында келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшінің лауазымдық айлықақысы**

16. Қызмет өтілінің көбеюіне байланысты лауазымдық айлықақыны арттыру кезінде лауазымдық айлықақыны есептеу пропорционалды түрде лауазымдық айлықақының арттырылған күнінен бастап жүргізіледі.

17. Сарбаз (матрос) және сержант (старшина) лауазымына тағайындалған әскери қызметшіге лауазымдық айлықақы істер мен лауазымды қабылдау туралы бұйрық шыққан күннен бастап төленеді.

Істер мен лауазымды қабылдағанға дейін мыналар төленеді:

1) мерзімді әскери қызметті аяқтағаннан кейін лауазымға қабылданған және тағайындалған әскери қызметшіге – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 16 қазандағы № 646 қбп қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған барлық органдар үшін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесімен (бұдан әрі – еңбекақы төлеудің жүйесі) белгіленген лауазымның санаты бойынша лауазымдық айлықақы;

2) әскери орта арнағы оқу орнын бітірген әскери қызметшіге – еңбекақы төлеу жүйесінде белгіленген лауазымның II санаты бойынша лауазымдық айлықақы;

3) келісімшарт бойынша әскери қызметке кірген әскери қызметшіге командирдің (басшының) әскери бөлім (мекеме) жеке құрамының тізіміне қабылдау туралы бұйрығы шығарылған күннен бастап – еңбекақы төлеу жүйесінде белгіленген лауазымның I санаты бойынша лауазымдық айлықақы.

**Ескерту.** 17-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 04.05.2018 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.04.2022 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

18. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметші сарбаз (матрос) және сержант (старшина) лауазымына бір лауазымнан екіншісіне ауысқан кезде жаңа лауазым бойынша айлықақы іс пен лауазым қабылданған күннен бастап бұйрық негізінде төленеді.

**Ескерту.** 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Алып тасталды - ҚР Қорғаныс министрінің 14.04.2022 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

#### **4-параграф. Мерзімді қызмет әскери қызметшісінің лауазымдық айлықақысы**

20. Мерзімді әскери қызметке шақырылған адамға жергілікті әскери басқару органынан әскери қызмет өткери орнына кету туралы тиісті командирдің (бастықтың) бұйрығы шығарылған күннен бастап лауазымға тағайындағанға дейін лауазымның еңбекақы төлеу жүйесінде белгіленген I санаты бойынша лауазымдық айлықақы төленеді.

21. Мерзімді әскери қызмет өткеретін әскери қызметшінің бір лауазымнан басқасына ауыстырған кезде жаңа лауазымы бойынша айлықақысы лауазымға тағайындау туралы бұйрық шыққан күннен бастап төленеді.

21-1. Мерзімді әскери қызмет әскери қызметшісі әскерге шақыру бойынша әскери қызмет мерзімі өткеннен кейін немесе денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметтен

шығарылған кезде оған бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ал жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарынан көрсетілген әскери қызметшіге – бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жұмыстан шығу жәрдемақысы төленеді.

**Ескерту. Қағидалар 21-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

**5-параграф. Қазақстан Республикасының әскери оқу орнында оқитын курсанттың, магистранттың, докторанттың, адъюнкттің және резидент әскери дәрігердің лауазымдық айлықақысы (стипендиясы)**

**Ескерту. 5-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 05.05.2025 № 527 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

22. Келесі курсқа ауыстырылған оқыту курсына байланысты айлықақы алатын курсантқа осы оқыту курсы бойынша айлықақы келесі курсқа ауыстыру туралы бүйрыққа қол қойылған күннен бастап, бірақ жаңа оқу жылы басталардан ерте емес төленеді.

23. Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын шетелдің әскери оқу орындарында білім алғып жатқан әскери қызметшіге төлемдер халықаралық келісімшарттарға және шарттарға сәйкес төленеді.

24. Әскери оқу орнынан шығарылған әскери қызметшіге шығару туралы бүйрық шығарылған күннен бастап мыналар төленеді:

1) әскери оқу орнына қабылданар алдында әскери бөлімде (мекемеде) әскери лауазымды атқарған адамға (ұлгермеуі және тәртіпсіздігі үшін оқудан шығарылған мерзімді қызмет әскери қызметшісінен басқа) оқуға қабылданғанға дейін ол әскери бөлімде (мекемеде) атқарған соңғы штаттық әскери лауазымы бойынша лауазымдық айлықақы;

2) әскери оқу орнына мерзімді әскери қызмет өткөріп жүрген кезеңінде қабылданған және ұлгермеуі, сондай-ақ тәртіпсіздігі үшін шығарылғанға лауазымның енбекақы мерзімді қызмет әскери қызметшілері үшін енбекақы төлеу жүйесінде белгіленген I санат бойынша айлықақы.

**Ескерту. 24-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 14.04.2022 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.**

**6-параграф. Әскери қызметші өкімде болған кезеңде әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқару кезінде ақшалай ризықты төлеу**

**Ескерту. 6-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

25. Осы әскери лауазымға тағайындауға құқығы бар лауазымды адам бос лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқаруды жүктеген әскери қызметшіге істер мен лауазымды қабылдағаны туралы бұйрық шыққан күннен бастап, ол міндеттерін уақытша атқаруға жіберілген әскери лауазым бойынша лауазымдық айлықақы төленеді

**Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 14.04.2022 № 198 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

26. Командирдің өкіміне қабылданған күннен бастап оған міндеттерді жүктеп, әскери қызметшіге соңғы атқарған лауазымы бойынша сыныптық біліктілік үшін ақшалай жабдықталым және үстемеақы төлеу мынадай мерзім ішінде сақталады:

- 1) оны басқа лауазымға тағайындаған кезде – 2 ай;
- 2) ұйымдық-штаттық іс-шараларды жүргізуге байланысты – 3 ай.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 05.05.2025 № 527 ( 19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

26-1. Әскери қызметшіге командирдің (бастықтың) өкімінде болған кезенде оған қатысты күдіктінің әрекетін жіктеу туралы қаулының шығарылуына байланысты, қылмыстық іс бойынша түпкілікті шешім шығарылғанға дейін әскери атақ үшін айлықақы мөлшерінде, бірақ тиісті қаржы жылына ең төменгі жалақы мөлшерінен аз емес ай сайынғы жәрдемақы төленеді.

Қаулы негізінде қамауда ұстасу түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалған әскери қызметшіге қылмыстық іс бойынша түпкілікті шешім шығарылғанға дейін ақшалай үлесті төлеу тоқтатыла тұрады.

**Ескерту. 26-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 05.05.2025 № 527 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

27. Ақшалай ризық алуға құқықты айқындаған кезде өкімде болу мерзіміне әскери қызметшінің жыл сайынғы негізгі демалысында, әскери-медициналық (медициналық) мекемелерде емделуде болған кезеңдері есептелмейді.

28. Әскери қызметшіге өкімінде болуына байланысты алу құқығын жоғалтқан сыныптық біліктілігі үшін ақшалай жабдықталым және үстемеақы төлеу:

- 1) лауазымға тағайындау туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап және іс пен лауазым қабылданған күнге дейін, бұл ретте соңғы атқарған әскери лауазымы бойынша лауазымдық айлықақы есепке алынады;
- 2) бос әскери лауазым бойынша міндеттерді атқаруға уақытша жіберілген адамға – әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқаруға жіберу туралы бұйрыққа қол

қойылған күннен бастап және әскери лауазым бойынша міндеттерді атқарудан босатылған күнге дейінгіні қоса алғанда;

3) емделуге жіберілген адамға – жіберілген күннен бастап, бұл ретте ақшалай жабдықталым мен сыныптық біліктілік үшін үстемеақы өкімінде тұрған жерге оралған күнді қоса алғанда, ал әскери-дәрігерлік комиссияның шешімі бойынша науқастануы бойынша демалысқа кеткен адамға – демалыс аяқталған күнді қоса алғанда төленеді;

4) магистрантқа, докторантқа, адъюнктке және резидент әскери дәрігерге, сондай-ақ күндізгі оқу нысаны бойынша әскери оқу орнына қабылданған курсантқа – оқуға жіберу туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап;

5) жыл сайынғы демалысқа кеткен адамға – демалысқа кеткен күннен бастап, бұл ретте ақшалай жабдықталым және сыныптық біліктілік үшін үстемеақы демалыс аяқталған күнге дейінгіні қоса алғанда төленеді.

**Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 05.05.2025 № 527 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

29. Ақтайтын негіздер бойынша оған қатысты қылмыстық қудалау (қылмыстық іс) тоқтатылған немесе сот ақтау үкімін шығарған жағдайда әскери қызметшіге ақшалай үлес Қағидалардың 26-1-тармағына сәйкес төлентген соманы алып тастанап, командирдің өкімінде мәжбүрлі болған уақыты үшін төленеді.

**Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 19.08.2025 № 1100 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.07.2025 бастап туындаған қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.**

30. Алып тасталды – ҚР Қорғаныс министрінің 05.05.2025 № 527 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**7-параграф. Сырқаттану кезеңінде, демалыстарда болу уақыты үшін, әскери қызметші қайтыс болған жағдайда**

31. Әскери қызметшінің әскери-дәрігерлік комиссияның шешімі бойынша емделуде болған немесе науқастануы бойынша демалыста болған барлық кезеңі үшін ақшалай ризығы сақталады.

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 14.04.2022 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

32. Еңбек демалысының барлық түрлерінде болу мезгіліне (жүктілік және босану бойынша еңбек демалысында болуды, үш жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша еңбек демалысында болуды қоспағанда) әскери қызметшінің ақшалай ризығы сақталады.

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 14.04.2022 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

33. Эскери қызметші қайтыс болған жағдайда ақшалай ризық оны бөлімнің жеке құрамының тізімдерінен шығарған күнге дейін төленеді.

**3-тарау. Курсанттан, кадеттен басқа, келісімшарт бойынша әскери қызметшіге қызметті өткерудің ерекше жағдайлары үшін ұстемеақылар**

#### **1-параграф. Ұстемеақыларды төлеу тәртібі**

34. Ерекше қызмет өткеру жағдайлары үшін ұстемеақы алуға құқығы бар әскери қызметшіге ұстемеақы атқаратын әскери лауазымы бойынша нақты алатын лауазымдық айлықақысына төленеді.

35. Егер ұстемеақы толық бір ай үшін есептелмесе, оның мөлшері осы айдағы өткерілген күнтізбелік күндердің нақты санына сүйене отырып, пропорционалды түрде айқындалады.

36. Сыныптық біліктілігі үшін ұстемеақыны қоспағанда, ерекше қызмет жағдайы үшін ұстемеақы мерзімді қызмет әскери қызметшісінен басқа, әскери қызметшіге командирдің бұйрығы негізінде ерекше қызмет жағдайы үшін ұстемеақы алуға құқығы бар лауазымға тағайындалған күннен бастап, бірақ іс пен лауазым қабылданған күннен ерте емес төленеді.

**Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

37. Сыныптық біліктілігі үшін ұстемеақыны қоспағанда, әскери қызметшіге ерекше қызмет жағдайлары үшін ұстемеақы төлеу лауазымынан босатылған күннен немесе ұстемеақы төлеу белгіленбеген әскери лауазым міндеттерін уақытша атқаруға кіріскең күннен бастап тоқтатылады.

**Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 14.04.2022 № 198 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

38. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін, оның ішінде бос лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқару жүктелген әскери қызметшіге "Мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған барлық орган үшін қызметкерлердің енбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 16 қазандагы № 646 қбп қаулысында белгіленген ұстемеақы атқаратын әскери лауазымы бойынша (іс пен лауазым қабылданған күннен бастап) және атқаратын әскери лауазымнан босатылған (іс пен лауазым тапсырылған) күнге дейін немесе командирдің (бастықтың) өкіміне қабылданған күнге дейін төленеді.

Қызмет орны бойынша лауазымы сақталып, әскери бөлімнен (мекемеден) уақытша кеткен әскери қызметшіге ұстемеақы төлеу сақталады.

**Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

39. Ерекше қызмет жағдайлары үшін ұстемеақы ағымдағы ай үшін ақшалай ризықты төлеумен бір уақытта әскери қызмет орны бойынша төленеді.

40. Ұстемеақы төлеу көзделген әскери лауазымның міндеттерін уақытша атқаруға белгіленген тәртіппен жіберілген әскери қызметшіге осы ұстемеақы осы Қағидаларға сәйкес төленеді.

## **2-параграф. Сыныптық біліктілік үшін ұстемеақы**

41. Әскери қызметшіге ұстемеақы сыныптық біліктілік берілген (расталған, төмендетілген) күннен бастап төленеді.

Бір мамандық бойынша сыныптық біліктілігі бар, ол бойынша сыныптық біліктілік берілетін басқа әскери-есептік мамандықтың әскери лауазымына тағайындалған әскери қызметшіге құнтізбелік жылдың соңына дейін ұстемеақы төлеу сақталады.

**Ескерту. 41-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 04.05.2018 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

42. Екі және одан артық мамандық бойынша сыныптық біліктілігі бар әскери қызметшіге ұстемеақы ол әскери лауазымы бойынша міндетін атқаратын мамандық бойынша төленеді.

## **3-параграф. Ұшқыш әскери-есептік мамандығына сәйкес лауазымда келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіге қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін ұстемеақы**

43. Ұшқыш әскери-есептік мамандығына сәйкес лауазымда әскери қызмет өткеретін, тиісті командирдің бұйрығымен оқу жылына арналған ұшуларға жіберілген, ұшуларды орындайтын және рұқсат етілген мерзімдерден артық үзілісі жоқ әскери қызметшіге ерекше қызмет жағдайлары үшін ұстемеақы өткен ай үшін ағымдағы айда төленеді.

44. Ұшулардағы рұқсат етілген үзіліс аяқталған күннен бастап бір ай ішінде ұшуларды орындаған кезде ерекше қызмет жағдайлары үшін ұстемеақы төлеу кезекті ұшуларды орындағанға дейін тоқтатылады.

Оларға байланысты емес себептер бойынша (сырқаттануы, демалыс, іссапар, ұшуларға тыйым салу, авиациялық техниканың жөндеуде, регламенттеу жұмыстарында болуы, істен шыққан кезде, ресурс аяқталғанда) ұшуларды орындаған әскери қызметшіге ерекше қызмет жағдайлары үшін ұстемеақы ай сайын төленеді.

Рұқсат етілген мерзімдерден артық үзілістері жоқ әскери қызметшілерді, сондай-ақ оларға байланысты емес себептер (нақты себептерді көрсете отырып) бойынша осы ұшуларды орындаған адамдар көрсетіле отырып, үстемеақы төлеу туралы тиісті командирдің бұйрығымен ай сайын жарияланады.

45. Атқарып отырған лауазымынан босатусыз ұшу жұмысынан шеттетілген әскери қызметшіге үстемеақы командирдің ұшу жұмысынан шеттету туралы бұйрыққа қол қойған күнге дейін төленеді.

46. Әскери қызметшіге ерекше қызмет жағдайлары үшін үстемеақы төлеу лауазымынан босатылған немесе үстемеақы төлеу көзделмеген әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқаруға кіріскең күннен бастап тоқтатылады.

47. Ерекше қызмет жағдайлары үшін үстемеақы алатын, осы үстемеақыны төлеу белгіленбegen бос әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқаруға жіберілген әскери қызметшіге әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқарған кезең үшін үстемеақы төленбейді.

Үстемеақы төлеу белгіленген бос әскери лауазымы бойынша міндеттерді уақытша атқаруға белгіленген тәртіппен жіберілген әскери қызметшіге осы үстемеақылар осы Қағидаларға сәйкес төленеді.

#### **4-параграф. Авиациялық техникаға қызмет көрсету жөніндегі авиациялық жерусті маманына қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы**

48. Авиациялық техникаға қызмет көрсету жөніндегі авиациялық жерусті маманына қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

1) арналуы бойынша пайдаланылатын немесе қысқа мерзімді сақтауда (бір жылға дейін) тұрған авиациялық техникаға қызмет көрсету жөніндегі авиациялық жерусті маманына – лауазымдық айлықақыдан 50 пайыз;

2) ұзақ мерзімді сақтауда (бір жылдан артық) тұрған авиациялық техникаға қызмет көрсету жөніндегі авиациялық жерусті маманына – лауазымдық айлықақыдан 25 пайыз ;

3) тренажерларға қызмет көрсету жөніндегі авиациялық жерусті маманына – лауазымдық айлықақыдан 10 пайыз.

49. Әскери қызметшіге қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы командирдің бұйрығы негізінде төленеді.

50. Командирдің үстемеақы төлеу туралы бұйрығы ай сайын шығарылады онда мыналар көрсетіледі:

- 1) лауазымы;
- 2) әскери атағы;
- 3) тегі, аты, әкесінің аты;
- 4) авиатехникаға қызмет көрсетуге рұқсатнама;

## **5) қызмет көрсетілетін авиатехника.**

Ұстемеақы төлеу туралы бұйрыққа әскери қызметші ол авиатехникаға қызмет көрсету жөніндегі жоспарларды, техникалық жай-күйі мен жұмыстарын қарау, бақылау нормаларын орындаған жағдайда қосылады.

Әскери қызметшінін авиатехникаға қызмет көрсетуден шеттеткен жағдайда ұстемеақы төлеу командирдің тиісті бұйрығының негізінде тоқтатылады.

51. Әскери қызметшіге қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін ұстемеақы төлеу лауазымынан босатылған немесе осы ұстемеақы төлеу көзделмеген әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқаруға кіріскең күннен бастап тоқтатылады.

52. Қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін ұстемеақы алатын, осы ұстемеақыны төлеу белгіленбейген әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқаруға жіберілген әскери қызметшіге әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқарған кезең үшін ұстемеақы төленбейді.

Ұстемеақы төлеу белгіленген әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқаруға белгіленген тәртіппен жіберілген әскери қызметшіге осы ұстемеақылар осы Қағидаларға сәйкес төленеді.

## **5-параграф. Қолданылудағы, жөндеудегі және сақтауда тұрған корабльдер мен катерлерде келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіге қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін ұстемеақы**

53. Ұстемеақы алатын және белгіленген тәртіппен ол бойынша осы ұстемеақы төлеу белгіленбейген бос әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқаратын әскери қызметшіге әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқарған кезеңі үшін ұстемеақы төленбейді.

Ұстемеақы алуға құқығы жоқ және белгіленген тәртіппен ол бойынша ұстемеақы төлеу белгіленген бос әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқаратын әскери қызметшіге әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқарған кезеңі үшін осы ұстемеақы жалпы негіздерде төленеді.

54. Ұстемеақы төлеу командирдің бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

## **6-параграф. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс істегені үшін ұстемеақы**

55. Мемлекеттік құпиялармен ұдайы жұмыс істейтін әскери қызметшіге оған рұқсат етілген ақпараттың құпиялылық дәрежесіне байланысты мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс істегені үшін ай сайын мынадай мөлшерде ұстемеақы төленеді:

1) "ерекше маңызды" құпиялылық дәрежесі бар мәліметтермен жұмыс істегені үшін – лауазымдық айлықақыдан 5 пайыз;

2) "өте құпия" құпиялышың дәрежесі бар мәліметтермен жұмыс істегені үшін – лауазымдық айлықақыдан 4 пайыз;

3) "құпия" құпиялышың дәрежесі бар мәліметтермен жұмыс істегені үшін – лауазымдық айлықақыдан 3 пайыз.

56. Мемлекеттік құпиялармен ұдайы жұмыс істеу деп мемлекеттік құпияларға рұқсатнаманың қолданылу кезеңіне бір реттік, кезеңділік немесе ұдайы негізде мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен және олардың жеткізгіштерімен кез келген жұмыс істеу түсініледі.

57. Ұстемеақы төлеу әскери бөлім командирінің (мекеме басшысының) бұйрығы негізінде жүргізіледі.

Бұйрықта:

- 1) лауазымы;
- 2) әскери атағы;
- 3) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- 4) рұқсат ету карточкасында көрсетілген рұқсатнама нысаны, мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерге рұқсат ету нөмірі, күні;
- 5) ерекше маңызды, өте құпия және құпия мәліметтерге рұқсат етуге ресімделуге тиіс қызметкер лауазымы номенклатурасымен бекітілген рұқсатнама нысаны;
- 6) мемлекеттік құпияға рұқсат ету туралы келісімшарттың нөмірі мен күні;
- 7) белгіленетін ай сайынғы ұстемеақының пайыздағы мөлшері көрсетіледі.

Командирге (басшыға) мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтермен жұмыс істегені үшін ұстемеақы жоғарғы командирдің (басшының) бұйрығымен белгіленеді. Оны дайындау үшін жоғарғы басқару органына жоғарыда көрсетілген мәліметтер ұсынылады.

Бұйрық әскери қызметшіні әскери басқару органы (әскери бөлім, мекеме) қабылдаған, мемлекеттік құпияға рұқсат ету нысаны, нөмірі мен күні және штат өзгертілген кезде шығарылады. Әскери бөлімнің (мекеменің) лауазымды адамы бір жыл ішінде қызметке қабылданған және одан шығарылған кезде ұстемеақы төлеу мәселесі командирдің (басшының) (саптық бөлім бойынша) бұйрығында көрсетіледі.

Бұйрық жобасы мемлекеттік құпияларды қорғау бөлімшелерімен, ал штатта олар көзделмеген жерде – құпия іс жүргізу бөлімшелерімен келісу бойынша әзірленеді.

**Ескеरту. 57-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

58. Әскери қызметшіні командирдің оған ұстемеақы төлеуге бұйрығына қосу үшін негіз:

- 1) тиісті нысан бойынша белгіленген тәртіппен ресімделген рұқсатнаманың және мемлекеттік құпияларға рұқсат ету туралы үлгілік шарттың (келісімшарттың) бар болуы;

2) ерекше маңызды, өте құпия және құпия мәліметтерге рұқсатнама ресімдеу көзделген лауазымға тағайындау;

3) тиісті командирдің тікелей рұқсат ету туралы өкімінің бар болуы;

4) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімшелер, ал олар штаттарда көзделмесе құпия іс жүргізу бөлімшелері беретін сынақ тапсыру нәтижелері бойынша анықтама;

5) мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс істегені үшін ұстемеақы төлеуге әскери қызметшінің баянаты болып табылады.

Әскери қызметшінің оған мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс істегені үшін ұстемеақы төлеуге баянаты тиісті белгілерді қоюмен мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімшелермен келісіледі.

59. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс істегені үшін ұстемеақылар мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарын білуіне тест тапсырған және тиісті бұйрық шығарылған сәттен бастап қызмет орны бойынша нақты белгіленген лауазымдық айлықақыларына ағымдағы ай үшін ақшалай ризық бір уақытта төленеді.

60. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс істегені үшін пайыздық ұстемеақы мыналарға:

1) атқарып отырған лауазымынан босатылған адамға;

2) оған қатысты рұқсатнама тоқтатылған адамға;

3) командирдің бұйрығымен мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс істеуден босатылған адамға;

4) мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарын білуіне тест тапсыру нәтижелері бойынша екі реттен астам қанағаттанарлықсыз баға алған, сондай-ақ шеттетілген, оның ішінде құпиялышық режимін бұзғаны үшін мемлекеттік құпиялармен жұмыстан уақытша шеттетілген адамға төленбейді.

Төлеуді тоқтата түру және қайта бастау туралы шешім командирдің бұйрығымен (саптық бөлім бойынша) жарияланады.

## 7-параграф. Шифрлау жұмысы үшін ұстемеақы

61. Шифрлау жұмысы үшін лауазымдық айлықақыға ай сайынғы ұстемеақы мемлекеттік шифрлау құралдарымен, оларға теңестірілген құжаттармен және материалмен (шифрды есепке алу және сақтау, шифрлау техникасын пайдалану және жөндеу, құжатталған ақпаратты шифрлау-шифрын ашу, шифрлау қызметінің кадрын оқыту) тікелей жұмыс істейтін және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері шифрлау қызметі органында штаттық лауазымда тұрған әскери қызметшіге, сондай-ақ резервтегі шифрлау қызметкерлеріне белгіленеді. Ұстемеақы шифрлау қызметі органында шифрлау жұмысымен тікелей айналысадын және құпия іс жүргізу бөлімшесі

бастығының штаттық лауазымын атқаратын адамға да төленеді. Әскери оқу орнында және оқу бөлімшесінде үстемеақы магистранттарды (докторанттарды), адъюнкттерді және шифрлау қызметінің курсанттарын тікелей оқытатын адамға, сондай-ақ оқу процесін қамтамасыз ететін адамға (оқу бөлімшесінің, негізгі құжаттама тобының, құпия іс жүргізу бөлімшесінің бастығы, нұсқаушы, зертханашы, техник және шифрлау техникасын жөндеу шебері) төленеді.

**Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 05.05.2025 № 527 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

62. Шифрлау жұмысындағы өтілді айқындау кезінде мемлекеттік органға, әскери бөлімге, ұйымға, мекемеге немесе кәсіпорынға тиесілігіне қарамастан, шифрлау қызметі органдарындағы құжат түрінде расталған жұмыс өтілі ескеріледі. Сонымен қатар, әскери қызметшінің әскери оқу орнында және шифрлау қызметі органдарының жұмыскерлерін даярлау бойынша оқу бөлімшесінде оқу кезеңдері, егер окуға қабылданған күні ол шифрлау қызметі органдарында тиісті штаттық лауазымды атқарса және шифрлау жұмысын орындаса, шифрлау жұмысының өтіліне есептеледі.

Шифрлау жұмысының өтіліне шифрлау қызметі органдарындағы жұмыстағы үзілістер есептелмейді.

63. Үстемеақы әскери қызметшіге командирдің бұйрығы негізінде төленеді, ол үстемеақыны бірінші рет тағайындаған, үстемеақы төлеуді қайта бастаған, сондай-ақ үлкен мөлшерде үстемеақы төлеуге құқық беретін жұмыс өтіліне жеткен кезде шығарылады.

Әскери лауазымға тағайындалған (әскери лауазымы бойынша міндеттерді уақытша атқаруға жіберілген) кезде үстемеақы төлеу командирдің көрсетілген үстемеақыны төлеу туралы бұйрығында көрсетілген күннен бастап жүргізіледі.

Бұйрықта әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты, атқаратын лауазымы, шифрлау жұмысындағы өтілі және пайыз түрінде белгіленетін үстемеақы мөлшері көрсетіледі.

**7-1-параграф. Әскери оқу орындарында ғылыми-педагогикалық қызметті жүзеге асыратын әскери қызметшілерге төленетін қосымша ақы**

**Ескерту. 3-тарау 7-1-параграфпен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 05.05.2025 № 527 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

62-1. Әскери оқу орындарында ғылыми-педагогикалық қызметті жүзеге асыратын әскери қызметшілерге "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 52-бабының 6-тармағына сәйкес ай сайынғы қосымша ақы белгіленеді. Ғылыми дәреже үшін қосымша ақы ғылыми дәреже берілген күннен бастап, бірақ іс пен лауазым қабылданған күннен ерте емес төленеді.

**8-параграф. Әскери полиция әскери қызметшілеріне қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін үстемеақы**

**Ескерту.** 3-тарау 8-параграфпен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 04.05.2018 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63-1. Мерзімді қызмет әскери қызметшілерінен басқа, әскери полиция әскери қызметшісіне қызмет өткерудің ерекше жағдайлары үшін ұстемеақы істер мен лауазымды қабылдау туралы бұйрық шыққан күннен бастап лауазымдық айлықақысынан 10 пайыз мөлшерінде төленеді.

63-2. Командирдің (бастықтың) істер мен лауазымды қабылдау туралы бұйрығында ұстемеақы белгілеу туралы көрсетіледі

**3-1-тарау.** Әскери қызметшіге (курсанттан, кадеттен, мерзімді қызмет әскери қызметшісінен басқа) лауазымдық айлықақысына ұстемеақылар белгілеу

**Ескерту.** Қағида 3-1-тараумен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 26.09.2018 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63-3. Әскери қызметшіге (курсанттан, кадеттен, мерзімді қызмет әскери қызметшісінен басқа) лауазымдық айлықақысына ұстемеақылар (бұдан әрі – әскери қызметшінің лауазымдық айлықақысына ұстемеақылар) белгілеу бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспары бойынша тиісті органды ұстауға көзделген мемлекеттік бюджет қаражатын үнемдеу есебінен жүзеге асырылады

63-4. Әскери қызметшіге лауазымдық айлықақысына ұстемеақылар белгілеу:

1) қысқартылған және/немесе негізгі қызметінен босатылмай уақытша болмайтын әскери қызметшілердің функцияларын орындағаны;

2) оған кеңейтілген міндеттер ауқымы жүктелгені, жоғары кәсіби деңгейімен және құзыреттілігімен, оларды тәжірибеде табысты қолданумен ұштасатын жұмыстағы жеткілікті тәжірибесі (өтілі) мен дағдылары, сондай-ақ басқа да көрсеткіштері үшін жүзеге асырылады.

63-5. Әскери қызметшіні объективті мән-жайға байланысты төмен ақы төленетін лауазымға ауыстырған (тағайындаған) кезде ұстемеақы:

1) еңбекке қабілеттілігін қалпына келтіргенге не мүгедектігі белгіленгенге дейін осы органды, әскери бөлімде (мекемеде) әскери қызмет міндеттерін орындауға байланысты еңбекте мүгедек болуына, кәсіптік ауруына немесе денсаулығына өзге де зақым келуіне;

2) ауысқан (тағайындалған) күннен бастап бір жылға дейін орган, әскери бөлім (мекеме) құрылымының өзгеруіне байланысты белгіленеді.

**Ескерту.** 63-5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63-6. Әскери қызметшінің лауазымдық айлықақысына үстемеақы әскери бөлімнің (мекеменің) қызметін қамтамасыз етуге көзделген және штат санын толық көлемде қысқарту нәтижесінде босатылған қаражат есебінен әскери бөлім (мекеме) жеке құрамының штат санын қысқарту туралы шешім қабылданған жағдайда да белгіленуі мүмкін.

**Ескерту. 63-6-тармақ жаңа редакцияда - КР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

63-7. Лауазымдық айлықақыға үстемеақы белгілеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының әскери қызметшісіне Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарымен, Бас штаб бастығының орынбасарымен немесе аппарат басшысымен келісу бойынша департамент пен басқарма бастықтарының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен не оның орнында болатын адам жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрінің бас қолбасшысына, бас басқарма бастығына, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министріне және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына тікелей бағынатын әскери бөлім командиріне (мекеме басшысына) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің тиісті бұйрықтары негізінде жүзеге асырылады;

3) әскер түрінің бас қолбасшысына және бас басқарма бастығына тікелей бағынатын өнірлік қолбасшылық әскерінің, әскер тегінің қолбасшысына, әскери бөлім командиріне (мекеме басшысына) өнірлік қолбасшылық әскері, әскер тегі қолбасшысының тиісті бұйрығы негізінде жүзеге асырылады;

4) өнірлік қолбасшылық әскерінің, әскер тегінің қолбасшысына тікелей бағынатын әскери бөлім командиріне (мекеме басшысына) өнірлік қолбасшылық әскері, әскер тегі қолбасшысының тиісті бұйрығы негізінде жүзеге асырылады;

5) осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілмеген әскери қызметшіге әскери бөлім командирінің (мекеме басшысының) бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 63-7-тармақ жаңа редакцияда - КР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

63-8. Әскери қызметшінің лауазымдық айлықақысына үстемеақы белгілеу жөніндегі ұсыныстарды командирлер (бастықтар) бағыныстылығы бойынша жоғары тұрған әскери басқару органдарына ұсынады.

63-9. Үстемеақы белгілеу туралы бұйрықты шығару үшін негіздемелер, тегі, инициалдары, атқаратын лауазымы және ұсынылатын үстемеақы мөлшері

көрсетілген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарының дәлелді қолдаухатына сәйкес қабылданған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің шешімі болып табылады.

63-10. Әскери қызметшілердің лауазымдық айлықақысына ұстемеақылар белгілеу туралы бүйрықтар шығару көрсетілген мақсаттарға арналған ақша қаржаты бар болған кезде жүргізіледі.

#### **4-тарау. Әскери қызметшіге төленетін жәрдемақылар мен өзге де төлемдер**

##### **1-параграф. Әскери қызметші демалысқа кеткен кезде сауықтыруға арналған жәрдемақы төлеу**

64. Мерзімді қызмет әскери қызметшісінен басқа, әскери қызметшіге жыл сайынғы негізгі демалысқа кеткен кезде ақшалай ризық және демалысқа кететін күні атқаратын әскери лауазымы бойынша екі лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төленеді.

65. Сауықтыруға арналған жәрдемақы онда жәрдемақының сомасын көрсете отырып, командирдің бүйрығы негізінде төленеді. Командирдің әскери қызметшінің жыл сайынғы негізгі демалысқа кеткені туралы бүйрығы алдын ала демалыс басталғанға дейін шығарылады. Бүйрықтан үзінді көшірме бүйрық шығарылған күні қаржы органына беріледі. Қаржы органы әскери қызметшінің демалысы басталғанға дейін үш күннен кешіктірмей сауықтыруға арналған жәрдемақыны төлеуді жүргізеді.

Тиісті командирдің өкімінде тұрған әскери қызметшіге соңғы атқарған әскери лауазымы бойынша лауазымдық айлықақысы есепке алынады.

Бос әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқару жүктелген әскери қызметшіге ол атқаруға жіберілген әскери лауазым бойынша лауазымдық айлықақы есепке алынады.

Бос емес әскери лауазым бойынша міндеттерді уақытша атқаратын әскери қызметшіге атқаратын әскери лауазымы бойынша лауазымдық айлықақы есепке алынады.

66. Әскери қызметші әскери оқу орнын бітіргеннен кейін жыл сайынғы негізгі демалысқа кеткен кезде оған сауықтыруға арналған жәрдемақыны әскери оқу орны төлейді.

Шетелдік әскери оқу орнын бітірушіге сауықтыруға жәрдемақыны одан әрі әскери қызмет өткеру үшін келген әскери бөлім (мекеме) төлейді.

**Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 14.04.2022 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.**

67. Эскери қызметшіге ол келісімшарт (әскерге шақыру) бойынша әскери қызметке кірген жылы және қызметтен шығарылған жылы демалыс берілген кезде сауықтыруға арналған жәрдемақы мөлшері екі лауазымдық айлықақыны он екіге бөлүмен және алынған соманы әскери қызметке кірген немесе одан шығарылған жылы әскери қызметтің толық айларының санына көбейтүмен есептеледі.

Әскери қызметшіге үш жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша қосымша демалыс берілген және одан шыққан жылы жыл сайынғы негізгі демалыс екі лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақыны төлей отырып, демалыс кестесіне сәйкес толық көлемде беріледі.

67-1. Сауықтыру жәрдемақысының мөлшерін айқындау кезінде әскери қызметшінің демалыс басталатын күнгі лауазымдық айлықақысы ескеріледі.

**Ескерту. 67-1-тармақпен толықтырылды – КР Қорғаныс министрінің 05.05.2025 № 527 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

68. Келісімшарт бойынша әскери қызметші теріс себептер бойынша әскери қызметтен шығарылған жағдайда алған сауықтыруға арналған жәрдемақы сомасын қызмет өткермеген уақытына барабар өтейді.

**2-параграф. Әскери қызметші қызмет бабында ауыстырған кезде көтерме жәрдемақы төлеу**

**69. Алып тасталды - КР Қорғаныс министрінің 14.04.2022 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

70. Көтерме жәрдемақы әскери қызметші тағайындалған немесе ол әскери бөлімнің (мекеменің) жаңа тұрақты орналасу пунктіне келген күні атқаратын әскери лауазымы бойынша айлықақыдан және ауысқан күні әскери атағы бойынша нақты айлықақысы бойынша төленеді.

**Ескерту. 70-тармақ жаңа редакцияда - КР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

71. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабымен белгіленген тәртіппен және мөлшерде көтерме жәрдемақы мынадай әскери қызметшіге төленеді:

1) лауазымға тағайындалуына байланысты қоныс аударған, оның ішінде келісімшарт бойынша әскери қызметке ерікті түрде кіру жағдайынан басқа, әскери қызметке алғаш шақырылған адамға, жаңа қызмет орны бойынша әскери бөлім командирінің (мекеме басшысының) іс пен лауазымды қабылдау туралы бұйрығы негізінде. Бұл ретте көтерме жәрдемақы қарамағында болған орны мен жаңа қызмет орны арасындағы қашықтық 100 километрден аз, бірақ жаңа қызмет орны мен қарамағында болғанға дейінгі қызмет орны арасындағы қашықтық 100 километрден асатын жағдайда да төленеді;

2) әскери қызметші іссапарға жіберілген әскери бөлім (мекеме) іссапарға жіберуге байланысты қоныс аударған;

3) егер өкімде болу мерзімі 2 айдан асатын болса, соңғы атқарған лауазымы бойынша командирдің (басшының) бұйрығы негізінде жаңа қызмет орны бойынша өкімге қабылдануына байланысты қоныс аударған;

4) командирдің (басшының) орналасу орнына келу туралы бұйрығы негізінде әскери бөлімнің (мекеменің) немесе бөлімшешің тұрақты орналасу орнының өзгеруіне байланысты қоныс аударған;

5) осы әскери оқу орны тиісті бастықтың қабылдау туралы бұйрығы негізінде әскери оқу орнына оқуға қабылданған;

6) әскери қызмет көзделген бір мемлекеттік органнан басқасына ауысуына байланысты қоныс аударған;

7) соңғы атқарған лауазымы бойынша ол өкімде тұрган әскери оқу орны шетелдік әскери оқу орнына оқуға қабылданған және оқуға (адъюнкт болып) түскен;

8) соңғы атқарған лауазымы бойынша ол ауысып келген мекеме Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Біріккен штабына ауысуына байланысты қоныс аударған.

Бұл ретте, көтерме жәрдемақыны төлеу тиісті командирлердің (басшылардың) жоғарыда аталған бұйрықтарында көтерме жәрдемақы сомасы көрсетіле отырып ескеріледі.

**Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда - КР Қорғаныс министрінің 14.04.2022 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - КР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

71-1. Көтерме жәрдемақының мөлшерін айқындау кезінде кету пунктінен белгіленген пунктке дейін елді мекендердің шекарасы арасындағы автомобиль жолының ұзындығы ескеріледі. Елді мекендер арасындағы қашықтық автомобиль жолының мәніне қарамастан, ең қысқа жол бойынша есептеледі.

Көтерме жәрдемақының мөлшерін айқындау кезінде іс пен лауазым қабылданған күнгі лауазымдық айлықақы ескеріледі.

**Ескерту. Қағидалар 71-1-тармақпен толықтырылды - КР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 05.05.2025 № 527 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

72. Әскери бөлімге (мекемеге) лауазымға тағайындалған және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің басқа пунктке қоныс аудару туралы бұйрығын алғаннан кейін осы әскери бөлімге (мекемеге) келген әскери қызметшіге көтерме жәрдемақы жаңа тұрақты орналасу пунктіне келгеннен кейін бір рет төленеді.

**Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

73. Жаңадан құрылған әскери бөлімге (мекемеге) тағайындалған және бөлімнің уақытша орналасу пунктіне жаңа қызмет орнына келген, одан кейін оның тұрақты орналасу пунктіне қоныс аударған әскери қызметшіге көтерме жәрдемақы тұрақты орналасу пунктіне келгеннен кейін бір рет төленеді.

**Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

74. Көтерме жәрдемақы әскери қызметшінің әрбір отбасы мүшесіне (жұбайы (зайыбы), баласы (балалары) нақты ауыстырылған және жеке ісінде жазылған күніне отбасының құрамы туралы анықтама негізінде төленеді.

Егер зайыбы мен жұбайы әскери қызметшілер болып табылған жағдайда олардың қалған отбасы мүшелеріне көтерме жәрдемақы олардың таңдауы бойынша әскери қызметшілердің біреуіне осы жәрдемақыны алушының ақшалай ризығының айлықақысынан төленеді.

**Ескерту. 74-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 05.05.2025 № 527 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**3-параграф. Мерзімді қызмет әскери қызметшісінен басқа, әскери қызметші қызметтен шығарылған кезде оған жұмыстан шығу жәрдемақысын төлеу**

**75. Алып тасталды - ҚР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

76. Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіге әскери қызметте болудың шекті жасына толғаннан кейін, денсаулық жағдайы бойынша не әскери бөлім (мекеме) штатының қысқаруына байланысты әскери қызметтен шығарылған кезде жұмыстан шығу (біржолғы) жәрдемақысы мынадай еңбек сінірген жылдары бар:

күнтізбелік 10 жылдан аз – үш айлық қаражат;

күнтізбелік 10 жылдан 15 жылға дейін – төрт айлық қаражат;

күнтізбелік 15 жылдан 20 жылға дейін – бес айлық қаражат;

күнтізбелік 20 жылдан 25 жылға дейін – алты айлық қаражат;

күнтізбелік 25 жылдан 30 жылға дейін – жеті айлық қаражат;

күнтізбелік 30 жылдан астам – сегіз айлық қаражат мөлшерінде төленеді.

Келісімшарт бойынша әскери қызметке қайта кірген кезде жұмыстан шығу (біржолғы) жәрдемақысының мөлшері осы жұмыстан шығу (біржолғы) жәрдемақысы

бұрын әскери қызметтөн шығарылған кезде төленбекен жағдайда қоспағанда, бұрын төленген жұмыстан шығу (біржолғы) жәрдемақысы ескеріліп айқындалады.

Жұмыстан шығу күні тиесілі қаражат мөлшері бұрын алғынған қаражаттың мөлшерімен тең болған жағдайда жұмыстан шығу жәрдемақысы қайта төленбейді.

Жауынгерлік іс-қимылға, терроризмге қарсы және (немесе) бітімгершілік операцияларға қатысқаны үшін Қазақстан Республикасының немесе бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының орденімен (ордендерімен) наградталған әскери қызметшіге жұмыстан шығу жәрдемақысының мөлшері қаражаттың екі айлықақысына арттырылады.

Келісімшарт бойынша әскери қызмет өткөрген және әскери қызметте болудың шекті жасына толғаннан кейін, денсаулық жағдайы бойынша немесе әскери бөлім (мекеме) штатының қысқаруына байланысты әскери қызметтөн шығарылған офицер құрамының әскери қызметшісіне еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлеміне құқық болмаған кезде жұмыстан шығу (біржолғы) жәрдемақысын төлеумен бірге әскери қызметтөн шығарылған күннен бастап бір жыл ішінде әскери атағы бойынша айлықақы төлеу сақталады.

Бұл ретте, егер көрсетілген мерзім ішінде әскери қызметшілердің әскери атағы бойынша айлықақысы арттырылса, тиісінше әскери қызметтөн шығарылған офицер құрамының әскери қызметшілеріне төленетін осы айлықақының мөлшері ұлғайтылады.

Жұмыстан шығу жәрдемақысының мөлшерін айқындау кезінде бөлім жеке құрамының тізімінен шығарылған күннің алдындағы күнгі лауазымдық айлықақы ескеріледі.

**Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 05.05.2025 № 527 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйректарымен.**

77. Әскери қызметшіге біржолғы жәрдемақыны қызметтөн шығарылғанмен түпкілікті есеп айырысқан және оған қызметтөн шығару туралы құжат берілген кезде әскери бөлім (мекеме) төлейді.

**Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректермен.**

**4-параграф. Мерзімді қызмет әскери қызметшісі қызметтөн шығарылған кезде оған жұмыстан шығу жәрдемақысын төлеу**

78. Әскерге шақыру бойынша әскери қызмет мерзімі өткен соң немесе денсаулық жағдайына байланысты әскери қызметтөн шығарылған кезде мерзімді қызметтегі

әскери қызметшіге жұмыстан шығу жәрдемақысы - бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ал жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балалар арасынан болған аталған адамдарға - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төленеді.

Жауынгерлік іс-қимылдарға, терроризмге қарсы және бітімгершілік операцияларға қатысқаны үшін орденмен (ордендермен) наградталған әскери қызметшіге жұмыстан шығу жәрдемақысының мөлшері ақша қаражатының екі айлықақысына арттырылады.

**Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 04.05.2018 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

##### **5-параграф. Экологиялық зілзала аймағында тұрғаны үшін қосымша еңбекақы төлеу**

79. Экологиялық зілзала аймактарында әскери қызмет өткеретін әскери қызметшіге Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын мөлшерде қосымша ақы төленеді.

80. Экологиялық зілзала аймағында тұрғаны үшін қосымша ақы әскери қызметшіге экологиялық зілзала аймағында орналасқан әскери бөлім (мекеме) жеке құрамының тізіміне қабылданған күннен бастап төленеді.

Әскери қызметшіге қосымша ақы төлеу әскери бөлім (мекеме) жеке құрамының тізімінен шығарылған күннен бастап тоқтатылады.

**Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

81. Егер әскери қызметшіге қосымша ақы толық емес ай үшін тиесілі болса, оның мөлшері осы айда қызмет өткерген күнтізбелік күндердің нақты санына сүйене отырып, барабар айқындалады.

Әскери қызметшіге қосымша ақы ақшалай ризықты төлеумен бір уақытта төленеді.

##### **6-параграф. Әскери қызметшіге коммуналдық қызметтерге арналған шығыстарды төлеу үшін ақшалай өтемақы төлеу**

82. Ақшалай өтемақы төлеу жабық және оқшауланған әскери қалашықта, шекара заставасында тұратынды қоспағанда, келісімшарт бойынша әскери қызметшіге жүргізіледі. Бұл ретте тиісті гарнizonның аудандық пайдалану бөлімі (ол болмаған жағдайда тұрғын үй комиссиясы) жыл сайын 20 қантарға дейін тиісті гарнizonда жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда, шекара заставаларында тұратын әскери қызметшілердің тізімін осы гарнizonның әрбір әскери бөліміне (мемкемесіне) ұсынады. Бір жыл ішінде тізім түзетілген жағдайда тиісті гарнizonның аудандық

пайдалану бөлімі (ол болмаған жағдайда тұрғын үй комиссиясы) үш күн мерзімнен кешіктірмей осы гарнizonның әскери бөлімдерін (мекемелерін) хабардар етуді жүргізеді.

Ақшалай өтемақы әскери қызметшіге ағымдағы ай үшін ақшалай ризықты төлеумен бір уақытта төленеді.

83. Ақшалай өтемақы әскери қызметшінің әскери қызметте болуының барлық кезеңі үшін төленеді.

Әскери қызметшіге ақшалай өтемақы төлеу ол әскери қызметтен шығарылған кезде тоқтатылады.

84. Ақшалай өтемақының мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға сәйкес айқындалады.

85. Әскери қызметші қайтыс болған жағдайда ақшалай өтемақы ол әскери бөлім (мекеме) жеке құрамының тізімінен шығарылған күнге дейін төленеді.

**Ескерту. 85-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**7-параграф. Жарылу қаупі бар заттарды және өзге де жарылғыш құрылғыларды іздеу, тасымалдау, қатерсіздендіру және жою жөніндегі жауынгерлік міндеттерді орындау кезінде әскери қызметшіге ақшалай өтемақы төлеу**

86. Жарылу қаупі бар заттарды және өзге де жарылғыш құрылғыларды іздеу, тасымалдау, қатерсіздендіру және жою жөніндегі жауынгерлік міндеттерді орындау кезінде әскери қызметшіге тәулігіне бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтемақы төленеді.

87. Өтемақы әскери қызметшіге ақшалай үлесті төлеумен бір уақытта төленеді.

88. Өтемақы төлеу командирдің бұйрығы негізінде ақшалай ризықты төлеген сэтте көрсетілген жұмыстарды орындаған күндері үшін жүргізіледі. Бұл ретте бұйрықта жарылу қаупі бар заттарды және өзге де жарылғыш құрылғыларды іздеу, тасымалдау, қатерсіздендіру және жою жөніндегі жауынгерлік міндеттерді орындаумен айналысадын әскери қызметшілердің тізімі және осы жұмыстарды жүргізу кезеңі көрсетіледі.

**8-параграф. Әскери қызметтен шығарылған кезде әскери қызметшіге ақшалай ризық төлеу**

89. Әскери қызметтен шығарылған кезде ақшалай ризық мыналарға:

1) мерзімді қызмет әскери қызметшісінен басқа, әскери қызметшіге әскери бөлім (мекеме) жеке құрамының тізімінен шығарылған күнге дейін, бірақ әскери бөлім (мекеме) қызметтен шығару туралы бұйрықты немесе жазбаша хабарламаны алған күннен бастап бір айдан артық емес;

2) мерзімді қызмет әскери қызметшісіне, әскери оқу орнының курсантына, ол шығарылған барлық ай үшін төленеді.

**Ескерту. 89-тармақта өзгеріс енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 14.04.2022 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.**

90. Мерзімді қызмет әскери қызметшісінен басқа, әскери бөлім (мекеме) әскери қызметтен шығару туралы бүйрықты (хабарламаны) алған күні медициналық ұйымдарда емделудегі әскери қызметшіге ақшалай үлес қызмет орнына қайтып келген күнді қоса алғанда, ал жыл сайынғы негізгі демалыстағы – демалыс аяқталған күнді қоса алғанда төленеді. Бұл ретте емделуге немесе демалысқа кеткенге дейін ісі мен лауазымын тапсырмаған әскери қызметшіге ақшалай үлес Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының ішкі қызмет жарғысында белгіленген мерзім шегінде ісі мен лауазымын тапсырған уақыты үшін төленеді.

**Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 05.05.2025 № 527 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

91. Әскери қызметтен шығарылатын әскери қызметшіге Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі № 364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары ішкі қызмет жарғысының 50-тармағында белгіленген мерзім шегінде ісі мен лауазымын тапсырған уақыты үшін, сондай-ақ ол ісі мен лауазымын тапсырғанға дейін берілген жыл сайынғы негізгі демалыс уақыты үшін ақшалай ризық әскери бөлім командирінің (мекеме басшысының) жыл сайынғы негізгі демалыс беру және оның ұзақтығы туралы бүйрығы негізінде демалыс аяқталған күнді қоса алғанда төленеді.

Әскери қызметшіге қызметтен шығарылған кезде ісі мен лауазымын тапсырғаннан кейін берілген жыл сайынғы негізгі демалыс уақыты үшін соңғы әскери лауазымы бойынша айлықақы есебінен ақшалай ризық төленеді. Осы жыл сайынғы негізгі демалыста болған уақытта сыныптық біліктілігі үшін үстемеақыны қоспағанда, үстемеақы мен қосымша төлем төленбейді.

**Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.**

## **9-параграф. Зейнетақы алу құқығынсыз жұмыстан босатылған офицерге төлемдер**

92. Әскери қызметте болудың шекті жасына толуы бойынша, денсаулық жағдайы бойынша, штаттарды қысқарту бойынша, еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне құқығынсыз жұмыстан шығарылған офицерлер құрамының әскери

қызметшісіне жұмыстан шығу жәрдемақысын төлеумен қатар қызметтен шығарылған күннен бастап бір жыл ішінде әскери атағы бойынша айлықақы төлеу сакталады.

Бұл ретте, егер көрсетілген мерзім ішінде қызметтегі әскери қызметшілерге әскери атағы бойынша айлықақылар арттырылса, тиісінше офицерлер құрамының әскери қызметшілеріне қызметтен шығарылғаннан кейін бір жыл өткенге дейін төленетін осы айлықақылардың мөлшері де арттырылады. Әскерге шақыру бойынша әскери қызметте болған, жұмыстан шығарылған офицерлер құрамының әскери қызметшілеріне қызметтен шығарылған күннен бастап бір жыл ішінде әскери атағы бойынша айлықақылар төленбейді.

**Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 04.05.2018 № 272 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

93. Зейнетақы алу құқығынсыз Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінен босатылған офицерлерге әскери атағы бойынша жалақы төлеуді қорғаныс істері жөніндегі департаменттер жүргізеді.

94. Қорғаныс істері жөніндегі басқармалар, бөлімдер жеке істердің келіп түсуіне байланысты босатылған офицерлерден карт-шотының нөмірін сұратады.

95. Қорғаныс істері жөніндегі басқарма, бөлім куәландырған босату туралы бұйрық қөшірмесі, карт-шот нөмірі жеке істі алған күннен бастап 10 күн ішінде қорғаныс істері жөніндегі департаментке жолданады.

96. Қорғаныс істері жөніндегі департамент алынған құжаттар негізінде бір жыл ішінде әскери атағы бойынша жалақы төлеуді жүргізеді.

97. Көрсетілген төлемдерді есептеу бөлімнің жеке құрам тізімінен алып тастаған күннен бастап жүргізіледі.

## **10-параграф. Әскери қызметшіге (курсанттан, кадеттен, мерзімді қызмет әскери қызметшісінен басқа) сыйлықақы беру**

**Ескерту. 4-тарау 10-параграфпен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 26.09.2018 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

97-1. Әскери қызметшіге (курсанттан, кадеттен, мерзімді қызмет әскери қызметшісінен басқа) сыйлықақы беру (бұдан әрі – әскери қызметшіге сыйлықақы беру) бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспары бойынша тиісті органды ұстауға көзделген мемлекеттік бюджет қаражатын үнемдеу есебінен жүзеге асырылады.

97-2. Әскери қызметшіге сыйлықақы беру мынадай жағдайларда жүргізіледі:

- 1) қосқан жеке үлесі және жауынгерлік, кәсіби даярлықта қол жеткізген нәтижелері үшін;
- 2) оку бағдарламаларын орындағаны үшін;

3) белгілі бір кезеңдегі жұмыс нәтижелерін қарau қорытындылары бойынша;

4) оны шұғыл орындау осы әскери бөлімнің (мекеменің) жалпы немесе оның жекелеген бөлімшелерінің одан әрі қалыпты (үздіксіз) жұмыс істеуіне байланысты болатын шұғыл және алдын ала күтілмеген жұмысты орындау;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қимылдар жоспарында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының жоспарында көзделген іс-шараларды, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің немесе Премьер-Министрінің актілері мен тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындағаны үшін;

6) мерейтой күндеріне (туған күндеріне, егер әскери қызметшіге 50, 55, 60 және әрбір кейінгі 5 жасқа толса, бір лауазымдық айлықақы мөлшерінде);

7) мереке күндеріне;

8) қолбасшылықтың арнағы міндеттерін орындағаны үшін;

9) лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз әскери қызметі, ерекше маңызды және қурделі тапсырмаларды орындағаны, әскери қызметтегі басқа да жетістіктері үшін;

10) егер осы өкілеттік қызметкерлердің лауазымдық міндеттеріне кіrmесе, заң жобаларын, конвенцияларды, келісімдерді, шарттарды, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын мемлекеттік тілде әзірлегені үшін, олар қабылданғаннан немесе бекітілгеннен кейін;

11) осы әскери бөлім (мекеме) туралы ережеге сәйкес әскери бөлімге (мекемеге) жүктелген функциялар мен міндеттерді үлгілі орындағаны үшін жүргізіледі.

**Ескерту. 97-2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

97-3. Әскери қызметшіге сыйлықақы беру жүргізілмейді:

1) алынбаған тәртіптік жазасы бар болған кезде;

2) әскери қызметшінің теріс себептер бойынша қызметтен шығарылуына байланысты;

3) әскери қызметке жаңадан кірген, тиісті әскери бөлімде (мекемеде) бір айдан аз қызмет өткөрген (Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты бір әскери бөлімнен (мекемеден) екіншісіне аудиуды қоспағанда), сондай-ақ тікелей жоғарыда көрсетілген әскери бөлім (мекеме) командирімен (басшысымен) еңбек шартын бұзғаннан кейін әскери қызмет өткери туралы келісімшарт жасаған кезде;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімдерден астам өкімде тұрған әскери қызметшіге;

5) әскери қызметшіге үш жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыста болған уақытта;

6) әскери қызметші мемлекеттік тапсырыс шеңберінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқу демалысында болған кезенде.

Ескерту. 97-3-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2025 № 527 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрықтарымен.

97-4. Сыйлықақы беру туралы бүйрық шығару үшін ұсыныста әскери атағы, тегі, инициалдары, атқаратын лауазымы, сыйлықақы беруге негіздеме, сыйлықақы мөлшері, тәртіптік жазасының болмауы туралы мәлімет көрсетіледі.

97-5. Әскери қызметшіге сыйлықақы беру туралы ұсыныстар Қазақстан Республикасының Қорғаныс министріне Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарымен, Бас штаб бастығының орынбасарымен немесе аппарат басшысымен келісу бойынша жоғарғы әскери басқару органы арқылы ұсынылады.

Сыйлықақы беру:

1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының әскери қызметшісіне, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің не оның орнында болатын адамның бүйрығы негізінде;

2) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министріне және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына тікелей бағынысты Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскер түрінің бас қолбасшысына, бас басқарма бастығына, әскери бөлім командиріне (мекеме басшысына), Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің тиісті бүйрықтары негізінде;

3) әскер түрінің бас қолбасшысына және бас басқарма бастығына тікелей бағынысты өнірлік қолбасшылық әскерінің, әскер тегінің қолбасшысына, әскери бөлім командиріне (мекеме басшысына), әскер түрі бас қолбасшысының және бас басқарма бастығының тиісті бүйрығы негізінде;

4) өнірлік қолбасшылық әскерінің, әскер тегінің қолбасшысына тікелей бағынысты әскери бөлім командиріне (мекеме басшысына), өнірлік қолбасшылық әскери, әскер тегі қолбасшысының тиісті бүйрығы негізінде жүргізіледі.

Осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілмеген әскери қызметшіге сыйлықақы беру әскери бөлім командирінің (мекеме басшысының) бүйрығы негізінде жүргізіледі.

Ескерту. 97-5-тармақ жаңа редакцияда – КР Қорғаныс министрінің 05.05.2025 № 527 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бүйрығымен.

97-6. Әскери қызметшіге сыйлықақы беру туралы бүйрық шығару Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің сыйлықақы беру туралы шешімі және көрсетілген мақсаттарға арналған қаражат болған кезде жүргізіледі.

Осы тармақтың Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің сыйлықақы беру туралы шешімінің болуы бөлігіндегі талаптары мерейтой күндеріне (туған күндеріне, егер әскери қызметші 50, 55, 60 және әрбір кейінгі 5 жасқа толса, бір лауазымдық айлықақы мөлшерінде) сыйлықақы берілетін жағдайға қолданылмайды.

**Ескеरту. 97-6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қорғаныс министрінің 05.05.2025 № 527 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**11-параграф. Әскери қызметшіге (курсанттан, кадеттен, мерзімді қызмет әскери қызметшісінен басқа) материалдық көмек көрсету**

**Ескерту. 4-тарау 11-параграфпен толықтырылды – ҚР Қорғаныс министрінің 26.09.2018 № 658 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

97-7. Әскери қызметшіге (курсанттан, кадеттен, мерзімді қызмет әскери қызметшісінен басқа) материалдық көмек көрсету (бұдан әрі – әскери қызметшіге материалдық көмек көрсету) бюджеттік бағдарламаны (кіші бағдарламаны) қаржыландыру жоспары бойынша тиісті органды ұстауға көзделген мемлекеттік бюджет қаражатын үнемдеу есебінен жүзеге асырылады.

97-8. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінде және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әрбір әскери бөлімінде (мекемесінде) материалдық көмек көрсету мәселелерін қарау жөніндегі комиссия тағайындалады.

**Ескерту. 97-8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

97-9. Әскери қызметшіге оның ауыр материалдық жағдайына байланысты материалдық көмек көрсету мынадай жағдайда:

1) оның отбасы мүшелері, жақын туыстары (ерлі-зайыптылар, ата-аналары, балалары, асырап алушылар, асырап алғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілдері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жекжаттары (ерлі-зайыптылардың жақын туыстары) қайтыс болғанда – жеті базалық лауазымдық айлықақыдан астам емес мөлшерде;

2) некеге тұрган кезде – төрт базалық лауазымдық айлықақыдан астам емес мөлшерде;

3) баласы туған, ұл бала немесе қызы бала асырап алған кезде – төрт базалық лауазымдық айлықақыдан астам емес мөлшерде;

4) әскери қызметшіге өзіне қатысты заңға сыйымсыз әрекет жасау салдарынан мүліктік залал келтірілгенде, сондай-ақ зілзала болған кезде – бес базалық лауазымдық айлықақыдан аспайтын мөлшерде;

5) қосымша қаржы шығындары талап етілетін емделу (санаторлықтан басқа, күнтізбелік 10 күннен астам стационарлық немесе амбулаторлық емделу), емдеу

мекемесінен тиісті құжат бар болған кезде (операцияға төлем шот, дәрілік препараттарға шығыстар және тағы басқалар) – алты базалық лауазымдық айлықақыдан астам емес мөлшерде;

6) зейнеткерлікке шыққан кезде – екі базалық лауазымдық айлықақыдан артық емес мөлшерде жүзеге асырылады.

Ескерту. 97-9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 14.04.2022 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.05.2025 № 527 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

97-10. Әскери қызметшіге материалдық көмек тиісті материалдық көмек көрсету жөніндегі комиссияға оның ауыр материалдық жағдайы туралы баянаты негізінде көрсетіледі. Баянатқа мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) оның отбасы мүшелері, жақын туыстары (ерлі-зайыптылар, ата-аналары, балалары, асырап алушылар, асырап алғандар, ата-анасы бір және ата-анаы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жекжаттары (ерлі-зайыптылардың аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары мен балалары) қайтыс болған жағдайда:

Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

оның отбасы мүшелерінің, жақын туыстарының (ерлі-зайыптылар, ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алғандар, ата-анаы бір және ата-анаы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жекжаттарының (ерлі-зайыптылардың аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары мен балалары) қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі;

қайтыс болған адаммен туыстығын растайтын құжаттардың көшірмелері;

2) некеге тұрған кезде:

ерлі-зайыптылардың екеуінің де Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмесі;

некеге тұру туралы куәліктің көшірмесі;

3) баласы туған, ұл бала немесе қызы бала асырап алған кезде:

Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

баланың (балалардың) түу туралы куәлігінің көшірмесі;

бала (балалар) асырап алғанын растайтын құжаттардың көшірмелері;

4) әскери қызметшіге оған қатысты занға сыйымсыз әрекеттер салдарынан муліктік залал келтірілген жағдайда:

Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

оны жәбірленуші ретінде тану туралы қаулының көшірмесі;

5) әскери қызметшіге зілзала салдарынан мүліктік залал келтірілген жағдайда:

Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын қуәландыратын құжаттың көшірмесі;

келтірілген мүліктік залалды растайтын Қазақстан Республикасының ішкі істер органынан немесе жергілікті атқарушы органнан құжаттардың көшірмесі;

6) қосымша қаржы шығындары талап етілетін емделу (санаторлықтан басқа, құнтізбелік 10 күннен астам стационарлық немесе амбулаторлық емделу) кезінде:

Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын қуәландыратын құжаттың көшірмесі;

қызмет орны бойынша әскери-медициналық мекемеден оларда тиісті бөлімшелердің немесе арнайы жабдықтың болмауына байланысты медициналық көрсеткіштер бойынша медициналық көмек көрсетудің мүмкін еместігі туралы анықтама;

емделуден өткенін растайтын құжаттардың көшірмелері;

дәрілік заттарды, дәрі-дәрмектерді, ақылы медициналық қызметтер көрсетуді төлеу туралы кассалық кіріс ордеріне фискалды чектер немесе түбіртектер;

7) әскери қызметші зейнеткерлікке шыққан кезде:

Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын қуәландыратын құжаттың көшірмесі;

еңбек сінірген шылдарын көрсетумен зейнетақымен қамсыздандыруға құқық беретін қызметтен шығару туралы бұйрықтан үзінді.

Әскери қызметшіге зейнеткерлікке шыққан кезде материалдық көмек көрсетуге бөлім тізімінен шығарғаннан кейін оның бөлім тізімінен шығарылған күннен бастап бір айдан кешіктірмей берілген өтініші негізінде жол беріледі.

**Ескерту. 97-10-тармакқа өзгеріс енгізілді – ҚР Қорғаныс министрінің 05.05.2025 № 527 (19.05.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

97-11. Материалдық көмек көрсету жөніндегі комиссия келесі қаржы жылында қаралуы мүмкін төртінші тоқсанда болған жағдайлардан басқа, тек ағымдағы қаржы жылында болған жағдайларды қарайды. Материалдық көмек көрсету туралы шешім комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді.

97-12. Ауыр материалдық жағдай, науқастанудың өте ауыр түрлері (мысалы: онкологиялық аурулар) ерекше жағдайларында комиссия материалдық көмектің мөлшерін арттыру туралы шешім қабылдауы мүмкін, бірақ екі еседен астам емес.

97-13. Комиссия отырысының хаттамасы болған кезде материалдық көмек:

1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығы негізінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының әскери қызметшісіне;

2) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің тиісті бұйрықтары негізінде Қазақстан Республикасы Қарулы Құштері түрінің бас қолбасшысына, бас басқарма бастығына және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министріне және Қарулы Құштері Бас штабының бастығына тікелей бағынысты әскери бөлім командиріне (мекеме басшысына);

3) әскер түрі бас қолбасшыларының және бас басқарма бастықтарының тиісті бұйрықтары негізінде өнірлік қолбасшылық әскерінің, әскер тегінің қолбасшысына, әскер түрінің бас қолбасшысына және бас басқарма бастығына тікелей бағынысты әскери бөлім командиріне (мекеме басшысына);

4) өнірлік қолбасшылық әскери, әскер тегі қолбасшыларының тиісті бұйрықтары негізінде өнірлік қолбасшылық әскерінің, әскер тегінің қолбасшыларына тікелей бағынысты әскери бөлім командиріне (мекеме басшысына);

5) әскери бөлім командирлерінің (мекеме басшыларының) бұйрықтары негізінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында атап көрсетілмеген әскери қызметшілерге төленеді.

**Ескерту. 97-13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 22.04.2024 № 404 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

97-14. Материалдық көмек көрсету туралы бұйрық шығару көрсетілген мақсаттарға көзделген ақша қаражаты бар болған кезде жүргізіледі.

## **8-тарау. Ақшалай аттестаттар**

**Ескерту. 5-тарау алып тасталды - ҚР Қорғаныс министрінің 14.04.2022 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы  
Қарулы Құштерінің әскери  
қызметшілеріне ақшалай үlestі,  
жәрдемақылар мен басқа да  
төлемдерді төлеу қағидаларына  
қосымша

**Ескерту. Қосымша алып тасталды - ҚР Қорғаныс министрінің 14.04.2022 № 198 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**